

# Жітіқара ауданының 95 жылдығы

## Біздің мектеп



Бұл маңның халқы қашанда да оқу-білімге жақын болды. Жастардың біразы орыстардың шіркеу жанындағы мектептерінде (Церковно-приходская школа. Кезінде олар қазақ балаларын да мамандыққа баулыған болатын) білімнің есігін ашса, біраз жастар Тройцк, Уфа, Орынбор қалаларына барып, білім алды.

19 ғасырдың аяғы - жиырмасыншы ғасырдың бас жағында оқу-білім медреседен мектепке қарай ауысады. Жер - жерлерде мектептер ашылып, оларда балалар білім алып, кейбіреулерінде кәдімгі кәсіби мамандық та игере бастайды. Жоғарыда біз Дербісәлі Беркінбаевтың Ақтөбе жакта біраз мектеп ашқандығын, Қостанай уезінде ең алғашқы мектептердің бірі Шұбар болысында (Жітіқара маңында) ашылғанын атап өткен болатынбыз.

Сондай мектептердің бірі жайлы 1912 жылы «Айқап» журналы да жазған еді. Онда Шортанды уезінің бесінші ауылында Нұрмұхамед қажы Тасболатов, Ғабдолғани қари және Бекмұхамед мырза Құлманов өздерінің үйінде қазақ балаларына арнап мектеп ашып, онда бірінші жылдың өзінде 25 бала оқығаны айтылады. Одан кейін бұл маңда біраз мектеп ашылып, балаларды хат тануға үйретеді.

1928 жыл Жітіқара ауданы құрылып, аудан орталығы Жайылмада алғаш салынған екі кірпіш үйдің бірі - мектеп үйі болғанында да үлкен мән жатыр. Ал Жітіқарада 1925-27 жылдары таза қазақ мектебі ретінде іргесі қаланған оқу ордасы біртіндеп өсіп, 1935 жылы мектеп түлектеріне оныншы класты бітіргендіктері жайлы куәлік беріледі. Сол жылдың өзінде мектептің біраз түлектері орта арнаулы және жоғарғы оқу орындарына да түскен көрінді. Өкінішке орай, біз олардың аты-жөндерін біле бермейміз.

Жітіқарадағы номері екінші қазақ мектебі сол 1925 жылдан бастап білім мен ғылымның аспанына қалықтап ұшқан талайлардың алтын ұясы болды. Біз өз мектебімізді әрқашан мақтан етеміз.

Бұл мектепке мен 1957 жылдың күзінде келдім. Ештеңе көрмеген

ауыл баласына мұндағы тәртіп, бізді құшақ жая қарсы алып, оқытып, білгендерін үйретіп, екі-үш жылда білімнің айдынына алып шыққан ұстаздар, олардың сөздері, іс-қимылдары, жүріс-тұрыстары бізге ерекше болып көрінетін. Біз сегізінші класқа келген жылы мектептің директоры Лұқман ағай, оның оқу ісі жөніндегі орынбасары (завуч) Мұхамедғали Бейсенбаев ағай, тарихшы - Жәмила Аманжолова апай, химия пәнінің мұғалімі - Мұса Шожанов ағай, әдебиеттен сабақ берген Мұсатай Бекхожин ағай, математика пәнінің мұғалімдері: Ахмет Абатов, Бакыт Усабаев ағайлар, қарының ашып отырғанда, өзінің ұзын қолдарымен дөп-дөңгелек етіп шеңбер сызып, оны таба нанға балап, екіге бөліп, шеңбердің диаметрін шығарып, шеңбердің ортасынан шетіне қарай сызып, былайша айтқанда таба нанның бір үзінін бөліп алып, шеңбердің радиусын анықтап беретін Сұлтанбек Есенов ағай, интернет менгерушісі, біздің көбіміздің әкеміздей болған Баттал Бәйтенев ағай, интернатта күнделікті тамағымызды пісіріп беріп жүрген тетя Поля - бәрі - бәрі біздің қарнымыздың тоқ, денсаулығымыздың дұрыс болуына, қажетті білім алуымызға, қанатымыздың қатаюына, адамгершіліктің алғашқы баспалдағынан аман өтуімізге, біртіндеп ел қатарына қосылуымызға өзіндік үлестерін қосқан жандар. Оларға, рахметтен басқа айтарымыз жоқ.

Осы кісілердің ішінде ерекше бір еске алатын ұстаз - Бейсенбаев Мұхамедғали ағай болатын. Бұл кісі 1932 жылы Алматыдағы педагогикалық институтқа түсіп, 1936 жылы осы институттың физика-математика факультетін аяқтап шығады. Ол кез үшін бұл білімнің ең биік дәрежесі болатын. Елге оралғаннан кейін Мұхамедғали ағай, алдымен қатардағы мұғалім, 1938 жылдан біздің мектептің директоры қызметін атқарады. 1939 жылы әскер қатарына шақырылып, алдымен фин соғысында, кейін Ұлы Отан соғысымен жалғасып, 41 жылдың басында бір аяғынан айырылып, елге оралады. Жаралы болып келгеннен кейін мек-

тепте өз мамандығы бойынша балаларға білім береді. Біздің мектептің көптеген шәкірттерінің математика пәніне жүйрік болып жүргендерінің бірден-бір себебі осы ұлағатты ұстаздың еңбегі ме деп ойлаймын.

Екінші бір ұстазымыз Есенов Сұлтанбек Аманұлы еді. Бұл кісі жастайынан жетім қалып, балалар үйінде тәрбиеленеді. 1936 жылы оныншы класты тәмамдағаннан кейін Сұлтанбек ағай Ақтөбе педагогикалық институтына жолдамамен оқуға түсіп, институтты бітірген жылы әскер қатарына шақырылады да, бес жыл соғыста болады. Одан кейін Жітіқараға оралып, жұбайы Ақыш апаймен (ол кісі бізге биологиядан сабақ берді) мектепте бала оқытумен айналысады. Сұлтанбек ағайдың бір ерекшелігі - ұқпайтынды ұқтырып, сабақты мына әбден қандырып жіберетін. Ол кісінің тағы бір ерекшелігі, бойы қанша биік болса, кеудесін де сонша биік ұстайтын. Ауылда, буынымыз қатпай жатып, қара жұмысқа әбден жегіліп, еңкейіп өскен біз, ол кісіге әр кезде де қызыға, қызғана қарайтынбыз.

Келер жылы біздің мектептің директоры болып Қалиахмет ағай келді де, ол кісінің жолдасы Әсия апай біздің кластың жетекшісі болды. Білімнің биігінен көрініп, сұлулық пен сымбаттың айнасындай болып көрінетін бұл кісілерге қызыға қараған біздер, солардай болсақ деп, енді бой түзейтін болдық. Қостанай қаласында бұл кісілермен бүгінге дейін араласып тұрамыз. Асылдың сыры кетсе де сыны кетпейді, дегендей ұстаздарымыз әлі де сол қалыптартында. Олар бізбен мақтанса, біз олармен мақтанамыз.

Бұған дейін біздер еңбек сабаған, қыс - жаз демей орталықтандырылған шеберханаға барып оқитынбыз. Қалиахмет ағай келгеннен кейін, мектептің соғыстан кейін ашылмаған шеберханасын жөндегізіп, қалпына келтіріп, бір ағаш өңдейтін, бір темір жонатын екі станок, толып жатқан верстактар орнатып, ешқайда бармай-ақ, біз осында: болт кесіп, түрлі шайба жасап, темір жонып, арамен ағаш кесіп, оны нәстүріктеп, тегістеп, қолымызға

балға ұстап, шеге қағуға үйрендік. Ол сабақтан алған тәжірибе, кейін үй болғанда талай септігін де тигізді.

Мектепте оқып жүргенде маған өте жақын мұғалім - Мұса Шожанов ағай болды. Ол кісінің маған деген көзқарасы жақсы болғаннан кейін, мен де ол кісінің сабағына ерекше қарайтын болдым. Содан болар, химия пәнінен үздік оқушылардың бірі болғанымды мақтана аламын.

1927 жылы Мендіқара ауданында дүниеге келген Мұса ағай, 1954 жылы біздің мектепке химия және биология пәндерінің мұғалімі болып келіпті. Артық сөзі жоқ, қашан көрсең де мұнтзадай таза, шалбарының қыры сындырылған, ешкімге қатты сөйлемейтін, сабырлы да сыпайы ағайымыз алғашқы күннен бастап оқушылардың да, өзі қатарлы ұстаздардың да сый - құрметіне ие болды. Бұл кісінің ерекше көзге түскен кезі 1963 жылы қаладағы номері бірінші орыс мектебі мен номері екінші қазақ мектебін бір жерге қосып, осы кәсіби мектепті басқарған кезі болды. Біріккен орыс-қазақ мектебін басқару оңайға түскен жоқ. Заман талабына сай берілген тапсырманы ойдағыдай орындап, Мұса Шожанов абырой биігінен көріне білді. Біз оқыған кезде ол кісі 45 минуттың ішінде үйге берген тапсырманы тексеріп те, жаңа тақырыпты түсіндіріп те, одан қалса, кем дегенде 10-15 минуттай - күнделікті тірлік, оқушылардың міндеттері, мәдениет, білімділік, адамгершілік, сыйластық, елде болып жатқан жаңалықтар жайында да әңгімелеп беруге үлгеретін.

- Мектептен шыққанда сендер

жан-жақты білімді ғана емес, тәрбиелі де болып шығуларың керек, дейтін ол кісі. Жаңалық дегенді, тіпті әр пәтерді шаршы метрмен есептейтінін, дүниеде не болып жатса, соның барлығы жоспармен жасалып, алға басатынын сол кісіден естіп, білдік.

Мұса ағай, біріккен мектептен қазақ мектебі бөлініп, өз алдына отау тіккен және де мектептің жаңа ғимаратын салған кезде, өзінің білікті ұйымдастырушы екенін дәлелдеп берді. Ол кісіге, номері екінші қазақ орта мектебінің директоры ретінде - мектеп пен интернаттың жаңа ғимараттары құрылысының барысын қадағалау, құрылыс біткеннен кейін оларға қажетті зертханалық қондырғылар мен оқу-әдістемелік құралдарды іздеу, тауып, сатып алу, оларды алып келіп орнату, жаңа мектептің қаз тұрып, қалыптасу кездерінде қыруар жұмыс атқаруға тура келеді. Мұса ағайдың ол жылдары атқарған істерін, ел осы күнге дейін жыр етіп әңгімелейді. Қазақ мектебінде, ол кісімен қызметтес болған ұстаздар Мұса ағайдың бұл еңбегін бүгінге дейін ерекше бір жылылықпен еске алады.

Өздерінің терең білімдерімен, ұлағатты сөздерімен, ерекше мінездерімен: Ахмет, Бакыт, Лұқпан, Сәдір ағайлар, Әсия, Жәмила, Мәмира, Қория, Тансұлу апайлар, көрші орыс мектебінде көп жыл директор болған Қанафин Әкісбай ағай, менің алғашқы ұстазым Есентай ағайлардың есімдері мен бейнелері есте қалды.

К. Т. ОРМАНОВ.

## Водоснабжение

# Вода - источник жизни

Капля воды дороже алмаза.

О роли воды в жизни человека общеизвестно.

Возможно, мы не всегда разумно поступаем с этой важнейшей составляющей нашего существования.

Но сегодня тема нашего разговора несколько иная.

Как контролируется и от чего зависит качество питьевой воды, поступающей в город?

Этот и другие вопросы мы задали руководителю районного управления санитарно-эпидемиологического контроля Абаю Хамитовичу Ансагаеву.

- Проверка качества подаваемой на город питьевой воды на соответствие требованиям санитарных правил входит в компетенцию нашего управления.

Нужно сказать, что вкусовые качества воды напрямую зависят от ее химического и минерального состава. От этого зависит частота инфекционных и соматических заболеваний, накопление в организме пестицидов, солей тяжелых металлов, камней в почках и т. д.

Качество воды оценивается по микробиологическим (наличие общих колиформных бактерий, общего микробного числа, коли-фагов), органолептическим (цветность, мутность, запах, привкус), санитарно-химическим (содержание тяжелых металлов, их примесей и т. д.),

паразитологическим, радиологическим показателям.

Жесткость воды – показатель, характеризующий содержание в воде солей жесткости (главным образом, кальция и магния).

Общая минерализация — показатель количества содержащихся в воде растворенных веществ (неорганические соли, органические вещества).

Поскольку большая часть подаваемой на город воды поступает из поверхностного водоисточника «Желкуар», вода проходит процедуру хлорирования по соответствующим стандартам, в особенности в паводковый период.

На контроле нашей организации состоят 11 водопроводов и 2 пункта раздачи воды района.

С начала года проверкой был охвачен водопровод города, на котором обнаружены нарушения санитарных правил и несоответствие по лабораторным исследованиям и замерам.

Так, исследования воды выявили несоответствие по показателю «цветность». При допустимой норме не более 20 градусов, фактический показатель на момент проверки составил 24 градуса.

По итогам проверки наложены 2 административных штрафа на виновных лиц и выдано предписание со сроком устранения нарушений, после чего будет проведена контроль-

ная проверка с лабораторными исследованиями.

В первом полугодии мониторингом охвачены 11 объектов водоснабжения. На санитарно-химические и микробиологические исследования отобраны 164 пробы воды (по городу - 60, по селам - 104).

В итоге обнаружены несоответствия по 3-м пробам воды, отобранных на городском водоводе. По показателю «мутность» при допустимой норме не более 1,5 мг/л в водоразборной колонке № 11 фактический показатель составил 2,9 мг/л, № 12 - 2,7 мг/л, № 13 - 4,3 мг/л.

Это значит, что в процессе водоподготовки допускаются погрешности. При несоответствии гигиеническим нормативам качества воды, используемой для целей питьевого водоснабжения населения, необходимо применить водоподготовку, обеспечивающую качество и безопасность питьевой воды в распределительной сети.

Говоря о качестве воды, необходимо учитывать и экологическое состояние рек, водоемов, на которые негативно сказывается процесс цветения. В результате пучки водорослей засоряют фильтры водопроводов. Трубопроводы, оборудование, плотины обрастают водорослями, происходит биокоррозия.

Необходимы мероприятия по очистке русла реки от донных



отложений, очистка местности от органических загрязнений, что приведет к открытию раннее заиленных родников.

В зимний период следует проводить аэрацию воды во избежание замора рыбных ресурсов.

Для данного комплекса мер требуется привлечение специалистов в области экологии, гидрологии, водной флоры и фауны.

Согласно требованиям санитарных правил, территории первого пояса водозабора, зону санитарной охраны водопроводных сооружений для предотвращения загрязнения и засорения, необходимо оборудовать глухим ограждением высотой не менее 2,5 м.

На глубинных скважинах № 38, № 38Р, № 41, № 43 и водопроводе села Аккарга,

Кусакан, Шевченковка, Тургеновка, Степное, Хозрет глухие ограждения отсутствуют.

Имеются проблемные вопросы по бесхозным водопроводам сел Степное и Хозрет – на протяжении нескольких лет они находятся в аварийном состоянии.

Несомненно, на качество воды влияют и изношенность водопроводных сетей.

Так, за 6 месяцев текущего года зарегистрировано 15 случаев порывов на водопроводных сетях города, 2 - в селе Тимирязево, 2 - в селе Забеловка и 1 – в селе Пригородное.

**Выходом из сложившейся ситуации по качеству поверхностных водоисточников является комплексный подход к решению проблемы.**

Беседу записала Тогжан ЖАМАНКУЛОВА.